

ЖШС «Нұр- Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының меңгеруші
жанындағы кеңесі отырысының хаттамасы
№5

20.04.2022 жыл

Шымкент қаласы

Шымкент қаласы

Төрайымы - Т.А.Төлен.
Хатшысы - Ж.Айдарова
Қатысқандар – 10

Күн тәртібі

1. Вариативтік компонент жұмысының нәтижелілігі.

2. Бейнелеу өнері бойынша қызметті талдау.

3. Әртүрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық меңгерушісі Т.А.Төлен вариативтік компонент жұмысы жайлы тоқталып өтті. Ұйымдастырылған оқу қызметінің аясынан тыс күннің екінші жартысында өткізілді. Вариативтік компонент бойынша өткізілген сабақтардың нәтижелері топтардың ашық сабақтары, қойылымдары және мерекелік ойын- сауықтарында көрсетілді. Барлық сабақтар жоспарға сай өткізілді, балалардың білім деңгейлері жақсы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бейнелеу өнері қызметіне талдау жүргізілді. Балалармен жұмыс жүргізуде тәрбиешілер бейнелеу өнерін табиғат көріністері мен өмірмен байланыстыра білген. Балалар түрлі- түсті қыл қалам және карандаш, бояулармен жұмыс жүргізуді игерген, оның нәтижелері сабақ процесінде көрсетілді.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша оқу жылын қорытындылау, қорытынды мониторингке дайындық, мамыр және маусым айларындағы мерекелерге дайындық, жазғы демалысты ұйымдастыру мәселелері мен балабақша түлегі мерекесін өткізу жайлы пікірлер айтылды.

Шешім:

1. Вариативтік компонент жұмысы өз дәрежесінде жүргізілген, қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Бейнелеу өнері бойынша қызмет одан әрі толықтырылсын.
3. Шешімнің орындалуын бақылау орталық әдіскеріне жүктелсін.

Төрайымы
Хатшысы



Т.А.Төлен
Ж.айдарова